

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 392 "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 111 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 мамырда № 5386 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 04.01.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабы 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабы 7 тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 392 "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" қаулысына (2017 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкіне жарияланған нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4451 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Исманов

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "25" сәуірдегі № 111 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарының квоталары

№ п/п	Ұйымның атауы	Қызметкер-лердің тізімдік саны	Квота мөлшері (қызметкер-лердің тізімдік санының %)	Жұмыс орындарының нақты квотасы	Жұмыс істейтін мүгедектер саны	Жұмыс орындарының саны
1	"Арықбалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	169	3	5	4	1
2	"Новосветловка-Алиби" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	151	3	5	4	1